

А.А. Құрманәлі¹
К.А. Құрманәлиев²

¹Қайнар академиясы, Алматы, Қазақстан

²Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: altynshash777@hotmail.com1, kareke09@mail.ru2)

«Тіл /сөз» концептісінің қазақ паремиологиялық қорындағы вербалдану ерекшеліктері

Аңдатпа. Кейінгі 10-15 жылда қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығы тіл танымдық тұрғыда зерттеліп, ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті байланыстыра зерттейтін лингвомәдениеттану деп аталатын сала дамып келеді. «Концепт» мәселесі мәдениеттанымдық және когнитивтік бағыттарда қарастырылып, тұщымды тұжырымдар жасалды. Концепт – этномәдени санада сақталған, дәуірден-дәуірге беріліп келе жатқан, мағынасы терең, ұлттың шынайы болмысын паш ететін, дүниені тану тәсілі. Лингвомәдениеттанымда кез келген концепт әртүрлі тілдік бірліктерде, атап айтқанда, сөздерде, тұрақты тіркестерде, паремиологиялық қорларда, өлең-жырларда т.б. вербалданады. Қазіргі концептосфераның негізгі концептілерін зерттеу мәселесі лингвомәдениеттанудың міндеті болып табылады. Осындай концептілерге адам өмірінде маңызды рөл ойнайтын «тіл /сөз» концептісін жатқызуға болады. Осыған орай, мақалада әлемдік мәдениетте ең күрделі, әрі маңызды концептілердің бірі болып табылатын «тіл /сөз» концептісінің қазақ паремиологиялық қорындағы вербалдану ерекшеліктері зерделенді. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі «тілге/сөзге» қатысты паремиялар семантикалық тұрғыдан топтастырылып, лингвомәдени талдау жасалады.

Түйін сөздер: тіл білімі, лингвомәдениеттану, паремиологиялық қор, концепт, «тіл /сөз» концептісі, лингвомәдени талдау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-133-4-93-102>

Түсті: 29.10.20 / Қайта түзетілді: 21.11.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 04.12.20

Кіріспе. “Этносты танып-білуге тұс-тұсынан атсалысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі – мәдениеттану десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. Мәдениет жеке адамның басына тән қасиетпен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтық бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым” [1, 13 б.].

Концепт ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Ол – этномәдени санада сақталған, белгілі бір

ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін күрделі құрылым.

З.К. Ахметжанова “концепт” терминіне «под концептом понимается совокупность закрепленных признаков, которые используются для описания фрагмента мира или части такого фрагмента, имеющее сложную структуру, выраженную разными группами признаков, реализуемых разнообразными языковыми способами и средствами... Концепт отражает категориальные и ценностные характеристики знаний о некоторых фрагментах мира. В

концепте заключаются признаки функционально значимые для соответствующей культуры» деп анықтама береді [2, 91 б.].

Концепт – ол тілдік тұлғаның тілдік-когнитивтік деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе көркемдік негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. «Концепт» дегеніміз семантикасына орай тіл иелерінің санасында өзіндік танымдық ассоциация түзе алатын, мәдени танымдық құндылығы бар күрделі құрылым болып табылады және ол өзінің түпкі негізін жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

Н. Уәли ұғым мен концепт жайында: «Ұғым мен концептінің мағынасы тепе-тең емес. Ұғым белгілі бір объектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.) жиынтығы болып табылатын ментальді, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым» [3, 42 б.] деп тұжырым жасап, ұғым мен концептін ара-жігін ашып көрсетеді.

Концепт – көп аспектілі ментальді құрылым болғандықтан әр концептідегі терминдер түрлі коннотацияларға, түрлі аялық білімге ие болады. Концептілер аймағын айқындауда барлық адамзатқа ортақ рухани құндылықтармен қатар, белгілі бір ұлтқа ғана тән, өзіндік ерекшелігімен сипатталатын концептілерді белгілеудің кейінгі ұрпаққа мирас болар мұра болатыны да даусыз. Концептілік ұғымға ие болу үшін белгілі бір ұлттың қолданысындағы сөздер сол ұлттың ғасырлар бойғы мәдениетімен, дәстүрімен, дінімен, тілімен тығыз байланыста қолданылып, белгілі бір ұлттық-мәдени дәрежеге жетуі керек. Ұлт мәдениеті, діні, салт-дәстүрі және тілімен біте қайнасып, ұлттың болмысын бойына сіңірген танымдық түсінік беретін ұғымдар тілімізде өте көп.

Адам санасындағы дүние бейнесінің үзіктері концептердің көмегімен сөз арқылы таңбаланып көрініс табады, вербалданады. Қандай да болмасын тілдің паремиологиялық қорында этнос санасының өзіндік қасиеттері

сақталады. Қазақ лингвомәдениеттанымында «тіл/сөз» концептісі әртүрлі тілдік бірліктерде, атап айтқанда, сөздерде, тұрақты тіркестерде, паремиологиялық қорларда, өлең-жырларда т.б. вербалданады. Сондықтан осы мақалада әлемдік мәдениетте ең күрделі, әрі маңызды концептілердің бірі болып табылатын «тіл/сөз» концептісінің қазақ паремиологиялық қорындағы вербалдану ерекшеліктері зерделеніп, оларға лингвомәдени талдау жасалады.

Тілдің паремиологиялық қорында этностың өзіне тән қасиеттері сақталады. Тіл халықтың қоғамдық, әлеуметтік өмірімен, саяси-экономикалық жағдайымен тығыз байланыста дамиды, кемелденеді. Тілдің лексикалық құрамының бөлінбес бір сыңары саналатын мақал-мәтелдер ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің де көрсеткіші болып табылады. Тілдің байлығы, сұлулығы және өткірлігі бір халықтың мәдени мұрасы болып табылатын мақал-мәтелдерде анық көрініс табады. Мақал-мәтелдер арқылы айтайын деген ойынды ықшам, әрі ұтымды жеткізуге болады. Сондықтан мақал-мәтелдердің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас ырғақты кездестіреміз. Сонымен қатар, мақал-мәтелдерден халықтардың дүниетанымы, ұлттық ерекше ойлау жүйесі аңғарылады.

Ә.Т. Қайдаров мақал-мәтелдер жайында «Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал-мәтелдер – тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін әмбебап құбылыс» - деп тұжырым жасайды [4, 1 б.].

Мақал-мәтелдер қазақ халқының «ментальды» айнасы, халық санасының көрінісі болып табылады. Мақал-мәтелдерден халықтың дүниетанымы, тарихы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі туралы құнды ақпарат алуға болады. Сондай-ақ, мақал-мәтелдер ықшамдылығымен, мағынасының тереңдігімен және тілінің өткірлігімен ерекшеленеді. Сондықтан аталарымыз «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жеткізу үшін әрдайым фольклорымыздың теңдесіз қазынасы мақал-мәтелдерге жүгінген.

Зерттеудің дереккөзі ретінде «Халық даналығы» [5] «Қазақ мақал-мәтелдері» [6], «Қазақ

тілінің фразеологиялық сөздігі» [7], «Қазақ мақал-мәтелдер сөздігі» [8], «Қазақ тілінің мақал-мәтелдері» [9], «Қазақтың мақал-мәтелдері» [10], «Орта Азия халықтарының мақал-мәтелдері» [11] пайдаланылды. Паремологиялық материалдар ретінде 100-ден аса мақал-мәтел жинақталып, талдау жасалды.

Қазақ паремологиялық қорындағы «тілге/сөзге» қатысты мақал-мәтелдер қолданылу аясы, мағынасы және дүниетанымдық сипаты тұрғысынан алуан түрлі. «Тіл/сөз» туралы паремияларды қазақ халқының ұлттық ойлау, қоршаған әлемді қабылдау, түйсіну ерекшеліктеріне қарай бірнеше мағыналық топқа бөліп қарастыруға болады.

Қазақ паремологиялық қорындағы «тілге/сөзге» қатысты мақал-мәтелдерді семантикалық тұрғыдан төмендегідей модельдерде топтастырдық:

«Тіл – ақыл / ойдың көрінісі» моделі.

«Тіл - ой» моделі адамның ойын сөз арқылы жеткізу үдерісін және соның нәтижесін білдіреді. Өйткені тіл ойдың заттанған көрінісі болып саналады. Бұл модельде «ақыл», «ой», «қиял» лексемалары белсенді қолданылады:

Тіл – ақылдың өлшемi.

Тіл – ақылдың көрінісі, бірліктің кілті.

Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз.

Қиял – ой қанаты, ой – тіл қанаты.

Тіл – ойдың шындығы.

Ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз.

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой.

Ойы нәрсіздің тілі де нәрсіз.

Ми ойлаганды тіл тындырады.

Бұл мақал-мәтелдерден қазақ дүниетанымы айқын көрініс тапқан. Ой адам санасында бейнеленіп, тіл арқылы жарыққа шығатыны белгілі. Бұл мақал-мәтелдерде тіл мен ойлаудың арақатынасы мен тілдің адамның ойын жеткізудегі қызметіне баса назар аударылып отыр. Адамның ақылын оның тілінен, сөйлеген сөзінен байқауға болады.

«Тіл – көңілдің кілті» моделі.

«Тіл – сезім» моделі адамның бүкіл эмоционалды әлемінде болатын сезімдері мен сыртқы орта ықпалынан болатын әсерлену сәттерін айшықтайды. Мұндағы тірек сөз қызметін «жүрек» лексемасы атқарады.

Тіл – жүректің тілмашы.

Жүрек нені ойласа, тіл соны айтады. Жүрек – сезімдер шоғыры. Ал сезімдердің өмірдегі көрінісі тіл арқылы жүзеге асады.

Ішімдегінің бәрі тілімде,

Тілімдегінің бәрі түрімде.

Адамның ойын жүзінен байқауға болады.

Тіл – көңілдің кілті.

Тіл – көңілдің айнасы.

Көңіл – сандық, тіл – кілт.

Бұл топтағы мақал-мәтелдерде тіл мен ойдың байланысы туралы сөз етіледі. «Тіл – адам ойын жеткізуші құрал» ретінде танылады. «Тіл» туралы мақал-мәтелдерді саралайтын болсақ, халықтың қатынас құралына берген анықтамасының дәлдігіне, мәнділігіне еріксіз сүйсінесіз.

Халықтың рухани өміріндегі маңызды сала өнер-білімнің тілдегі көрінісін бейнелейтін паремиялар дербес топты құрайды. Оларды «Тіл – өнер» моделі деген топқа жинақтауға болады.

«Тіл – өнердің шыңы» моделі.

Адам санасындағы ақпарат сөз түрінде сыртқа шығып, тіл арқылы көрініс табады. Халқымыздың табиғатына тән өнердің түрлері көп-ақ. Алайда, аталарымыз тіл өнерін бүкіл өнер атаулының алдына шығарған. Оны төмендегі мақалдан көруге болады.

Өнер алды – қызыл тіл.

Ұлттық болмыс, діл, менталитет, салт-дәстүр, рухани және мәдени мұра – баршасы осы тіл арқылы дүниеге келіп, дамып, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мирас болып жеткізілуі де осы шешен де шебер, бейнелі де көркем, бай да мазмұнды қызыл тіл арқылы жалғасып келеді [5, 458 б.].

Қазақ халқы үшін өнердің шыңы сөз өнері болып саналады. Сөз өнері тілдің құдіреті арқылы жүзеге асады. Р. Сыздық халқымыздың шешендік өнері туралы «Шешендік – сөз өнері, ал сөз қазақ үшін культ болған» - деп пайымдайды [12, 472 б.].

Халқымыз әлімсақтан бері құмарта тыңдап, шарықтата дамытып келе жатқан өнерлерінің ең озығы да, бірегейі – қызыл тіл арқасында жүзеге асатын *тіл өнері, көркем сөз, шешендік өнері* екені баршаға мәлім. Егер біз

өнерді білімді адамның мәдени өресін танытатын аса бір маңызды компонент деп танитын болсақ, халықтың өнердің кілтін тілден іздеуі тегін емес.

«Тіл – білім / табыс кілті» моделі.

Білім кілті – тіл.

Жеті жұрттың тілін біл,

Жеті түрлі ілім біл.

Тіл білу – жеті өнердің бірі болып саналады. Осы мақал-мәтелдерде жеті санын киелі санаған халқымыздың дүниетанымы анық көрінеді. Ілім іздеу сапарында бірнеше тілді үйрену бүгінгі таңда зор маңызға ие қажеттілікке айналып отыр.

Тіл – достықтың алтын көпірі.

Бір тіл білгеннің бір, екі тіл білгеннің екі басы бар [5, 269 б.].

Ана тіліңе қосымша тіл білген сайын жан дүниенің байып, екі халықтың өмірін, әдет-ғұрпын білетін өзінді бейне екі кісідей сезінесің.

«Тіл – ұлттың тірегі» моделі

Бір тіл – бір ұлт.

Бұл тұрақты қолданыстың мағынасы – бір ұлттың екі ана тілі болмайды, бір-ақ ана тілі болады. Әрбір тіл – бір ғана ұлттың айшықты нышаны. «Тіл бар жерде ғана ұлт бар» қағида-сы тіл философиясының негізін салған В. фон Гумбольдтың «Тіл – халық рухы, халық рухы – тіл арқылы көрініс табады» [12, 65 б.] және «Менің ұлттық тілімнің шегі – менің көзқарасымның шегін білдіреді» деген тұжырымдарымен үндесіп жатқандай.

Тіл – жеке адамның игілігі болумен қатар, халықтың қазынасы. «Халық тілі – қайнар бұлақ» дегеннің мәнісі осында жатыр. Көпшіліктің кәдесіне жараған тіл өз иесінің заманына лайықты талап-тілегіне орай қашалып, сұрыпталып, жетіліп отырады. Тарих іздерінен осыны байқауға болады. Әр халықтың өз тіліне жететін тіл жоқ, өз ана тілінен асқан бай тіл жоқ. Сол себепті де халқымыз «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді», «Ана тілі – дана тіл» деп түйін жасайды [14, 6 б.].

Ана тілің алпыс тілге татиды.

Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт.

Тіл мәртебесі – ел мәртебесі.

Тіл – ұлттың сүйенетін тамыры, сыйына тын тәңірі.

Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.

Тілі өлген ел – тірі өлген ел.

Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілің – тірлік үшін.

Р. Сыздық тілдің, ана тілінің маңызын: «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал» [13] деп тұжырымдайды.

Тілін білмеген түбін білмейді.

Тілдің басты қызметі – халықтың рухани құндылығы мен қарым-қатынас құралы бола алуы. «Ана тілін толық меңгерген тілдік тұлғаны ұлт мәдениетінен де хабардар тұлға ретінде анықтаймыз. Ұлттық тілдік ортада өсіп, ана тілінде білім алған тұлға ұлттық реңктегі тілдік белгілердің мағынасын арнайы сараптама-сыз дұрыс айқындауға қабілетті. Сондай-ақ, ұлттық тілдің ұлттық рухты қалыптастыруда ролі зор» деп тұжырым жасайды [15, 221 б.].

«Тіл – күш» моделі.

Тілдің өзіне тән күшін, қуатын, маңыздылығын мынадай паремиялар айшықтайды:

Тіл жүйріктен де озады.

Тіл жетпейтін түкпір жоқ.

Танымаған адамды таныстырған – қызыл тіл.

Сөйлемеген адамды сөйлеттірген – қызыл тіл.

Тіл қоса алар жер-көктің арасын.

Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді.

Піл күшті, піл күшті емес, тіл күшті.

Піл көтермегенді, тіл көтереді.

Піл күшті ме, тіл күшті ме?

Піл – құрлықтағы жануарлардың арасындағы ең алыбы, оның денесі мен қуаты да зор. Ал тілдің көтерер жүгі одан да ауыр, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған сан түрлі заманнан аман келе жатқан тілдің кумулятивтік, яғни сақтағыштық қасиетінің, қызметінің аса маңызды екенін айтады.

Тіл ауыр ма, зіл ауыр ма?

Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады.

Шешілмеген шиені тырнақ шешпес, тіл ше шер.

Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады.

Сыйларға асың болмаса да, сипарға тілің болсын.

Тіл – тіршілік тірегі.

Тілсіз жерде тіршілік жоқ.

Тілмен түйгенді тіспен шешпес.

Ат жүйрігі азаптан құтқарады,

Тіл жүйрігі мазақтан құтқарады.

Ат жүйрігі айырады, тіл жүйрігі қайырады.

Тілі бардың тіріде ақысы кетпейді.

Тіл сыйлы етер, қуатты қылар, өсірер.

Тілден келген қолдан да келер.

Бұл паремияларды «Тіл – өмірдегі мақсатқа жетудің аса маңызды құралы» ретінде көрініс тапқан. Тіл сүйексіз болса да, сүйекті тебірентетін қасиетке ие. Қазақтың ең жоғары дәрежеде дамыған сөз өнері – шешендіктің, тауып айтудың мақал-мәтелдердегі көрінісі келесі топқа арқау болады:

«Тіл -қару» моделі.

Тіл – қылыштан өткір.

Тілдің қасиеті оның өткірлігінде. Тілмен адамды аспанға көтеруге де, орға құлатуға да болады. Бұл тілдің нақтылығынан, шешімді кесіп айтудың жететін әлеуетінен туындайды.

Тіл қаруы – сөз.

Аузы құлып сандықты,

Тіс ашпаса, тіл ашар.

Тілдің сан түрлі даулы мәселелерді шешуі, өршіген дау-дамай мен жанжалдардың тіл арқылы өз шешімін табуы жайлы аңғартады.

Шешеннің тілі – шебердің бізі.

Шебердің қолы – ортақ, шешеннің тілі – ортақ.

Нағыз шебер өз шеберлігін қолындағы бізі арқылы көрсетсе, шешен үшін тіл негізгі құрал болып табылады.

Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.

Шындықты жасырып қалмауды мақсат еткен аталарымыз әділдікті ту етіп, қанша ащы болса да, шындықты бетке айтқан. Бұл мақал осы жайттардан туған.

Тілмен тікенді де алады.

Қазақ салтында көзге түскен тікен, шөп-шаламды қолымен емес, тілінің ұшымен алып тастау әдеті бар, өйткені тіл таза, жұмсақ, жұқпалы аурудан сақтандыратын ферменті бар. ауысп. Тауып айтылған уәжді сөзбен, жылы лебізбен небір түйінді мәселені шешуге болады [5, 511 б.].

«Тіл-жау / қауіп» моделі.

Тілдің «қауіп», «теріс қуаты» немесе «жағымсыз әсері» болатыны аян. Сондықтан халқымыз тілді абайлап, байқап қолдану қажеттігіне аса мән берген. Осы ой мынадай паремиялар арқылы вербалданады:

Басқа пәле тілден.

Қотыр қолдан жұғады, пәле тілден жұғады.

Тіл ерді қабырға салады,

Нарды қазанға салады.

Басқа бәле неден келер, екі елі тілден келер.

Адамды отқа түсіретін – тіл.

Қызыл тілде буын жоқ.

Тілде тиек жоқ, ауызда жиек жоқ.

Тіл тиексіз.

Тиектің қызметі домбыра ішектерін бір қалыпқа түсіріп, оның үніне үлесін типізуінде. Ал «тілде тиек жоқ» дегені сөйлегенде айтқанына абай бол, ауыздан шыққан сөзді қайтара алмайсың дегенді ескертеді.

Тілде сүйек жоқ, ерінде жиек жоқ.

Тілдің сүйегі болмағандықтан қалай айтса да, не айтса да болады деген мағына білдіреді. Алайда адамдар кейіннен өкінбеу үшін сөйлеген сөздеріне сақ болулары керек - дегенді аңғартады.

Тіл – буынсыз, ой – түпсіз.

Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.

Ашуың келсе, қолыңды тарт,

Айтпас жерде тіліңді тарт.

Тілдің қызметі әрқашан жақсы жағынан көрінбейді, сондықтан халқымыз білмегенді айтып, бос сөйлегеннен, білгенің жөнінде сөз қозғағанды жөн көреді.

Мал мүйізінен байланады,

Адам тілінен байланады.

Тілім сүрінгенше, аяғым сүрінсін.

Тіземнен сүріндірсең, сүріндір, тілімнен сүріндірме.

Аңдамай сөйлеген адам жоқ жерден басына ауру тілеп алады, сондықтан халқымыз сөйлеген кезде әр сөзіңе сақ болуға шақырады. «Тілден жаңылғанша, аяғымның сүрінгені жақсы» деген ой осыдан шығады.

Бұлттан шыққан күн ащы, жаман адамның тілі ащы.

Тіл жетпейтін түкпір жоқ.

Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды.

«Ауыздан шыққан сөз бүкіл елді аралайды», сондықтан әр «айтылған сөзіңе абай бол, аузыңа бекем бол» дегенді білдіреді.

Басқа бәле тілден.

Басқа келетін он пәленің тоғызы тілден.

Екі елі аузыңа он елі қақпақ қоя біл.

Тіл айырар анасынан баласын.

Жыланның тілі айыр, жаман адамның тілі айыр.

Жаман көлдің суы – ащы, жаман қатынның тілі – ащы.

Жүрек қара болса, тілінің алтындығынан не пайда?

Ақылы аздың – тілі ұзын.

Не келсе де, тілден келер бір басқа.

Ұзын шашың аяғыңа оралар, ұзын тіл мойныңа оралар.

«Тіл – бал / тіл- у» моделі

Тілдің жағымды, әрі жағымсыз әсерлерінің болатыны мәлім. Тілдің осы қасиеті мынадай мақал-мәтелдерде көрініс тапқан:

Бал тамған тілден у да тамады.

Тіл де ара сияқты, оның балы да бар, уы да бар.

Екі халықтың мақалдары да адам тілінің қаншалықты көңілге жағымды, жаныңды жадырататын, көңіліңді жібітетін қасиеттері бар сөздерге толы болса, соншалықты ауыр, қатты сөздер де бар екенін көрсетеді.

Ең тәтті де – тіл, ең ащы да – тіл.

Ең жұмсақ та тіл, ең қатты да тіл.

Досың да – тіл, дұшпаның да – тіл.

Ең жұмсақ та – тіл, ең қатты да – тіл.

Тіл атағыңды өсірер де, өшірер де.

Жылататын да, жұбататын да – тіл.

Тілдің қасиеттілігі соншалық, адамның жігерін арттырып, көңілін көтеріп, мұңлы жанын жадыратып, қайғысын басады немесе керісінше қуанышын су сепкендей етіп басып, жабырқауды сезімде қалдырады деген мағынада берілген.

Кіріспейтін жерде кірісіп, дауға тап болып, болмашы жерден сөз естіп, аяқ астынан жанжал туғызу, сау басына сақина тілеп алу жайлы да мақал-мәтелдер де көп. Солардың бірі «Үндемесең үйдей пәледен құтыласың» дегенге саяды.

Халқымыз сөйлеушінің жасы, жынысы, жақсы-жаман қылықтары тағы басқа әртүрлі

әлеуметтік, тіпті физикалық ерекшеліктеріне қарай «баланың тілі», «әйелдің тілі», «кедейдің тілі», «өсекишінің тілі», «жаманның тілі», «жаман әйелдің тілі», «балықтың тілі», «мылқаудың тілі» деп те бөледі.

Бала – қылығымен қызық, тілімен тәтті.

Баланың тілі балдай тәтті, немеренің тілі одан да тәтті.

Бала тілі – бал.

Кіршіксіз пәк сәбидің былдыраған тілі әр ата-ананы қуаныш пен бақытқа бөлейтіні хақ.

Өзің білме, білгеннің тілін алма.

Мылқау қыздың тілін шешесі біледі.

Қатын тілін қатын білер.

Жаман әйелдің тілі ащы.

Жаманның тілі – ащы.

Ақымақтың тілі – бастың дұшпаны.

Өсекишінің тілі қышып тұрады.

Балық тілін бақа түсінеді.

Ділі басқаның, тілі басқа.

Қолы қысқаның – тілі қысқа.

Сивырдың пышағы – мүйізінде,

Шайпаудың пышағы – тілінде.

Қазақтың тілі – қылыш, сөзі – сойыл. Мұнда халқымыздың «тіл арқылы бар ойыңды ашық айтып, тілегіңе қол жеткізуге болады, қарсыласыңды бір сөзбен-ақ есеңгіретіп тастауға әлеуетің жетеді» деген ойы айтылып тұр.

Қазақ тілінде дәстүрлі қазақ мәдениетінің аясында дүниенің қарабайыр бейнесін бейнелейтін «тіл» мен «сөз» концептілері өзара байланысты болып келеді. Аталарымыз тілдің құдіретін, сөздің күшін, сөздің адам өміріндегі маңызын жоғары бағалай білген.

Ө. Айтбаев мақал-мәтелдердегі ықшамдылық, мағына тереңдігі жайында «Аталарымыз көбіне білектің күшіне емес, жүректің сөзіне тоқтап отырған. Сөздің сылдырына емес, шындығына бойлаған. Сөздің көптігіне емес, дәлтігіне құлаған» -деп баға береді [14, 4 б.].

Аз сөз – алтын.

Жүздің көркі сақал, сөздің көркі мақал.

Айтылған сөз – атылған оқпен тең.

Сөз тапқанға қолқа жоқ.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі.

Бір елі ауызға екі елі қақпақ керек.

Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.

Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді.

Бұл мақал-мәтелдерден аталарымыздың ойланып сөйлеуге аса мән бергенін байқауға болады. Бұл да сөздің әлеуметтік рөлін айқындап, танымдық және философиялық мәнін көрсетеді.

Сөз сүйесін тапса, мал иесін табады.

Сөз тапқанға- қолқа жоқ.

Бұл мәтел әдетте біреу алдыңды сөзбен орап тұқыртып тастаған сәттерде қиыннан қиыстырып сөз тауып, орынды уәж айтып, алып-қосатын артық сөзге орын қалдырмай, тығырықтан шығуға байланысты қолданылады.

Сөз асылы – дауда, шөп атасы – тауда.

Бұл мақалдарда «тіл/сөз» концептісінің коммуникативті жағдаяттың қолданысына ерекше назар аударылып отыр. Қазақ қауымында сөз құдіреті дау-жанжалдарда, атап айтқанда, жер дауы, жесір дауы т.б. дауларда шешендік шеберлік пен сөз тапқыштық шешуші рөл атқарады. Би-шешендердің беделі арқылы сөз қадірі де арта түседі. Би-шешендер тек дау, бітім сөздерді сөйлеуге қатысқан және олардың сөзі екі айтылмайтын болған. Сондықтан дау-жанжал бидің бір ауыз сөзімен шешілген жерде, сөздің де сөзі керек екені анық. Сонымен қатар, аталарымыз сөз өнерін өнер атаулының – ең бастысы деп санап, билік айтушының сөзге шебер, көркем де кестелі сөйлейтін, ойы жүйрік шешен болуын талап еткен.

Би айтатын сөзді құл да айтады, бірақ аузында дауасы жоқ.

Осы орайда, Шоқан Уәлиханов би-шешендердің “би” атануы жайында төмендегідей құнды ақпарат береді: «Қырғыздарда (қазақтарда) “би” атағына ие болуы халықтың жай ғана сайлауы мен халықты билеп отырған биліктің бекітуімен жүзеге аспаған. Бұл құрметті атақ сот дәстүрін терең меңгерудің шешендік өнермен ұштасуы негізінде ғана беріледі. “Би” атану үшін өзінің халқы алдында заңгерлік білімімен қоса, шешендік өнерін көрсетуі керек болған» [16, 89 б.].

Мұнымен қоса, тілімізде «Ымды түсінбеген дымды түсінбейді» - деген мәтел де бар. Бұл

мәтелден аталарымыздың айтар сөзін кейде астарлап, жұмбақтап сөйлегенді де ұнатқанын аңғаруға болады.

«Тіл /сөз» – халқымыздың рухани және материалдық құндылықтарын дәріптеуші, ақылды ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып жеткен жеткізуші.

Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» - дейді. Жақсы тілек, игі ой адамның көңілін жадыратып, бақытқа бөлейді. Халқымыз бір-бірінің қуаныш пен қайғысын бөлісіп, қайғы-мұңды сөзбен, тілдің күшімен сейілтуді дәстүр еткен. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады», «Сөйлей білмес жамандар, сөзді өзіне келтірер, «Жақсы тауып айтады, жаман қауып айтады», «Жақсының сөзі кепіл, жаманның өзі кепіл» деген ғибратты сөздер қазақ халқының парасат әлемін танытады. Тіліміздегі «тіл /сөз» туралы мақал-мәтелдерде айтайын деген сөзді ойлап, таразылап айтуға, жылы сөзді аямауға, оның қадір-қасиетін түсінуге, жаныңдағы адамдардың көңілін тауып, қуантуға үндейді. Жоғарыдағы талдаулардан тілдің жан-жақты қызметін, ұлттық дүниетаным мен халық өміріндегі алатын орнын анық байқауға болады.

Қорытынды. Мақалада қазақ тілінің сөздік құрамының елеулі бөлігін қамтып тұрған паремиологиялық қордағы «тіл/сөз» концептісін репрезенттейтін паремияларға талдау жасалып, олардың вербалдану ерекшеліктері айқындалды. Зерттеуіміздің нәтижесінде халқымыздың сан ғасырлық таным-түсінігінен хабар беретін менталды жүйесі мен аялық білімінің жиынтығы «тіл/сөз» концептісінің мәнін аша түскенін көруге болады. «Тілге/сөзге» қатысты паремиялар этносқа тән дүниетаным мен сананың, халық даналығы мен философиялық толғаныстарының айқын айғағы болып табылады. Жоғарыда келтірілген семантикалық топтарда “тіл – адамның сөйлеу қызметін атқарушы құралы” ретінде танылады. Қазақ паремиологиялық қорындағы «тіл/сөз» концептісі “тіл – ойдың / ақылдың көрінісі”, “тіл– көңілдің айнасы”, “тіл–күш”, “тіл – өнердің шыңы”, “тіл – шешендіктің айғағы”, “тіл–қауіп”, “тіл – адамның қателесуіне себепші”, “тіл – ұлттың тірегі”, “тіл–білім/табыс кілті” т.б. семантикалық топтарда айқын

көрініс табады. Сонымен қатар, «Аз – сөз алын», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Айтылған сөз – атылған оқ» т.б. мақал-мәтелдерде сөз қадірін терең түсініп, сөзге аса мән берген халқымыздың сөздің көптігіне емес, дөптігіне жүгініп, сөздің құдіреті мен киесіне сенгеніне куә боламыз. Қазақ паремиологиялық қорын-

дағы «тілге /сөзге» қатысты мақал-мәтелдердің жеткізер ойы бір екенін, яғни адам жанын жандыратар жақсы сөздің құндылығы тілге байланысты екенін байқауға болады. Жинақталған мақал-мәтелдерде сөздің тек оң, жақсы мәні айтылып қана қоймай, сөздің адам жанына тигізетін теріс әсері қоса жеткізіледі.

Әдебиеттер

1. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. -308 б.
2. Ахметжанова З.А., Ернарарова З.Ш. Казахская лингвокультуроология: язык, человек, этнос. – Алматы: Елтаным, 2016. -288 с.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Фил.ғыл.док. диссертациясы. – Алматы, 2007. -328 б.
4. Қайдаров Ә., Тұрабаева Ғ. Қазақ мақал-мәтелдері мен авторлық-стильдік инварианттары жайында // ГА Хабарлары. Тіл сериясы, №3. – Алматы, 1982.
5. Қайдаров Ә. Халық даналығы. – Алматы: «Толғанай Т», 2004. - 560 б.
6. Аққозин М. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Қазақстан, 1990. -288 б.
7. Тұрманжанов О. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі, 1993. -176 б.
8. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. -712 б.
9. Малайсарин Ж. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі, 2008. -184 б.
10. Смаилова А. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Көшпенділер, 2002. - 312 б.
11. Саттаров Қ. Орталық Азия қазақтарының мақал- мәтелдері. - Алматы: Таңбалы, 2011. -384 б.
12. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. – Алматы: КИЕ, 2009. -536 б.
13. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984. – 260 с.
14. Айтбаев Ә. Көркем тілдің бір кілті – қазақтың мақал-мәтелдерінде // Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Қайнар университеті. – Алматы: Қайнар университеті баспасы, 2003.
15. Ислам А. Лингвомәдениеттану: Тіл мәдениет контексінде. - Астана: Медиа Софт Астана, 2004. -244 б.
16. Валиханов Ч.Ч. Статьи. Переписка. - Алматы: Казахское Объединенное Государственное Издательство, 1947. - 151 с.

References

- 1 Kaidarov A.T. Kazak tilinin ozekti maseleleri [Topical Issues of the Kazakh Language] (Almaty, Ana tili, 1998, 308 p.). [in Kazakh]
- 2 Ahmetzhanova Z.K., Ernazarova Z.Sh. Kazakhskaya linguokulturologia: yazyk, chelovek, etnos [Kazakh Linguoculturology: language, human, ethnos]. (Almaty, Eltanym, 2016, 288 p.). [in Kazakh]
- 3 Uali N. Kazak soz onerinin teorialyk negizderi. Filol.gyl.dok.dissertatsiasy [Fundamentals of the Kazakh speech culture. Phil.science.Doc. dissertation] (Almaty, 2007, 328 p.). [in Kazakh]
- 4 Kaidarov A., Turabaeva G. Kazak makal-matelderi men avtorlyk-stildik invarianttary jaiynda [About Kazakh proverbs and sayings and author and style invariants] // GA Habarlary. Til seriasy [News GA. Language series] -№3. - Almaty, 1982. [in Kazakh]
- 5 Kaidar A. Halyk danalygy [Folk wisdom] (Almaty, Tolganay T, 2004, 560 p.). [in Kazakh]
- 6 Akkozyn M. Kazak makal-matelderi [Kazakh proverbs and sayings]. (Almaty, Kazakstan, 1990, 288 p.). [in Kazakh]
- 7 Turmanjanov O. Kazak makal-matelderi [Kazakh proverbs and sayings] (Almaty, Ana tili, 1993, 176 p.). [in Kazakh]
- 8 Kenesbaev I. Kazak tilinin fraseologialik sozdigi [Phraseological Dictionary of the Kazakh language] (Almaty, Gylym, 1977, 712 p.). [in Kazakh]

- 9 Malaisarin J. Kazak makal-matelderi [Kazakh proverbs and sayings] (Almaty, Ana tili, 2008, 184 p.). [in Kazakh]
- 10 Smailova A. Kazaqtyn makal-matelderi [Kazakh proverbs and sayings] (Almaty, Koshpendiler, 2002, 312 p.). [in Kazakh]
- 11 Sattarov K. Ortalyk Azia kazaktarynyn makal-matelderi [Proverbs and sayings of Central Asian Kazakhs] (Almaty, Tanbaly, 2011, 384 p.). [in Kazakh]
- 12 Syzdyk R. Gylymi tanym uzikteri [Fragments of scientific cognition] (Almaty: KIE, 2009, 536 p.). [in Kazakh]
- 13 Gumboldt V. Izbrannyye trudy po iazykoznaniiu [Selective works on Linguistics]. (Moscow, Progress, 1984, 260 p.). [in Russian]
- 14 Aitbaev O. Korkem tildin bir kilti – kazaktyn makal-matelderinde [A key to the arctic language is in the Kazakh proverbs and sayings] // Halykaralyk konferentsianyn materialdary. Kainar universiteti [Materials of the international scientific and theoretical conference. Kainar University] (Almaty, Kainar universiteti, 2003). [in Kazakh]
- 15 Islam A. Lingvomadenittanu: Til madeniet konteksinde [Linguoculturology: in the context of language and culture]. (Astana, Media Soft Astana, 2004, 244 p.). [in Kazakh]
- 16 Valihanov Ch. Statyi. Perepiski. [Articles. Correspondence]. (Almaty, Kazahskoe Obidinennye Gosudarsvennoe Izdatelstvo, 1947, 151 p.). [in Russian]

А.А. Курманали¹, К.А. Курманалиев²

¹Академия «Кайнар», Алматы, Казахстан

²Казахстанская национальная академия естественных наук, Нур-Султан, Казахстан

Особенности вербализации концепта «Язык -слово» в казахском паремиологическом фонде

Аннотация. За последние десять-пятнадцать лет в казахском языкознании преобладающей является лингвокультурология, активно развивается так называемая лингвокультурологическая отрасль языкознания, неразрывно исследующая национальный язык и национальную культуру. Кроме того, в современных исследованиях проблема «концепта» рассматривается в культурологическом и когнитивном направлениях. Концепт - это способ познания мира, хранящийся в этнокультурном сознании, передаваемый от эпохи к эпохе, имеющий глубокий смысл, отражающий истинную сущность нации. В лингвокультурном познании любой концепт вербализуется через различные языковые единицы, в частности, посредством слов, устойчивых выражений, паремиологического фонда, стихотворений и др. Проблема изучения основных концептов современной концептосферы является задачей лингвокультурологии. К таким концептам можно отнести и концепт «язык /слово», играющий важную роль в жизни человека. В связи с этим в статье изучаются особенности вербализации в казахском паремиологическом фонде концепта «язык /слово», который является одним из самых сложных и важных концептов в мировой культуре. Также семантически сгруппированы паремии казахского языка, относящиеся к «языку/слову», и проведен их лингвокультурологический анализ.

Ключевые слова: языкознание, лингвокультурология, паремиологический фонд, концепт, концепт «язык/слово», лингвокультурный анализ.

А.А. Kurmanali¹, К.А. Kurmanaliyev²

¹Kainar Academy, Almaty, Kazakhstan

²Kazakhstan National Academy of Natural Sciences, Nur-Sultan, Kazakhstan

Verbalization features of the concept «tongue /word» in the Kazakh paremiological fund

Abstract. In the last ten-fifteen years the continuity of language and culture in linguistics has been studied cognitively, and the new field of linguistics, which studies linguistics in connection with the national language and national culture, is developing rapidly. In addition, recent researches have been dealt with the issue of «concept» in the cultural and cognitive areas, and different fruitful conclusions have been drawn. The concept is a way of knowing the world, preserved in the ethnocultural consciousness and passed down from generation to generation with a deep meaning, reflecting the true nature of the nation.

In the linguocultural studies, any concept is verbalized in different linguistic units, in particular, in the words, idioms, paremiological fund, poems, etc. The problem of studying the basic concepts of the modern conceptosphere is considered as the task of the linguocultural studies. The concept of «tongue/word», which plays an important role in human life belongs to such concepts. In this regard, the article examines the features of verbalization of the concept of «tongue/ word» in the Kazakh paremiological fund. In the study the proverbs related to «tongue / word» in the Kazakh language are semantically grouped, and a linguocultural analysis was made.

Keywords: linguistics, linguoculturology, paremiological fund, concept, concept «tongue/ word», linguocultural analysis.

Авторлар туралы мәлімет:

Құрманәлі Алтыншаш – негізгі автор, PhD, «Тілдер және журналистика» кафедрасының профессоры, Қайнар академиясы, Алматы, Қазақстан.

Құрманәлиев Кәрімбек – ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Kurmanali Altynshash – **The main author**, Ph.D., Professor of the Department of Languages and Journalism, Kainar Academy, Almaty, Kazakhstan.

Kurmanaliyev Karimbek – Academician of the National Academy of Science of RK, Doctor of Philology Sciences, Professor, Vice-President of the National Academy of Natural Sciences, Nur-Sultan, Kazakhstan.